



ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Океаниядағы мәдениетаралық
музыкалық тәжірибе алмасу





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Океаниядағы мәдениетаралық музыкалық тәжірибе алмасу

Дәрістің мақсаты: елімізде және алыс шет елдерде қалыптасқан ғылыми әдіснамалардың айырмашылығын көрсету.

Ғалымдар арасында даму теориясына көзқараста ортақтастық болмады. Алғаш болып өзінің әріптестерінің тұжырымдарына қарсы шыққан, атақты үнді тілінің, әдебиетінің, философиясының оқымыстысы, 1783 жылдан бастап Бенгалиядағы Жоғарғы соттың биі, 1784 жылы Бенгалияда Азиат қоғамының негізін қалаушысы Уильям Джонс болатын. Өзінің 1792 жылғы «Үндістердің музыкалық тәсілдері» трактатында Джонс халықтар арасындағы дамуды теңгере отырып, үнді не батыстық музыка болсын әрқайсысы өзінше бағалану керек, деген тұжырым жасады: «Үнді ақындары өз өлеңдеріне тән ырғақты, шығармадағы тақырыптың немесе көңіл күйдің ауысуын белгілі бір ырғақтық иіріммен байланыстырылады; Және мен поэзиялық модуляция мысалдарын келтіре аламын, олар біздің ұлы композиторларымыздың ғажап модуляциялары секілді». Дегенмен, Джонстың көзқарасы бәтуәға жетуге әсер етпесе де, Ағартушылық дәуірдің эволюциялық әсер әкелетініне, онымен бірге кәсіпқой ғылыми қоғамдардың жариялаған антропологиялық модельдердің қауіпсіздігіне деген сенімділікті әлсіретті. 1840-шы жылдардан бастап Ұлыбритания және Ирландияның Патшалық антропологиялық институты және Лондондағы этнологиялық қоғамы (1843 жылы), антропологиялық қоғамдары дербес құрылымы, ал 1865 жылы Лондондағы антропологиялық қоғам өз бетінше бөлек ұйым болып қалыптасты. Шотландиядағы антикварлар Қоғамының қызметкері және «Көне шотландық әуендер» және тағы да басқа ұлттық музыка туралы жұмыстарды құрастырушы, салыстырмалы әдіскер Уильям Дауни осы шиеленісті пікірталастардың жақсы мысалы бола алады. Өзінің «Ұлттар тарихын және адамзаттың барлық қырын зерттейтін» жұмысында Причардтың бейнелегеніндей, Дауни: «Ұлттық музыка халықтың ең көне жәдігері екендігін, ол атадан балаға отбасылық мұрагер секілді беріледі... Ол претиум аффектонис (лат. ынтықтық бағасы) музыканың үздік толыққандылығынан емес, туыстық және отбасы арасындағы байланысты көрсетеді. Сондықтан жоғарғы құндылық болып саналады. Бұл осы және басқа елдердің ұлттық музыкадағы стилін таңдаудан гөрі оның орнын тағайындау маңыздырақ», деп түйеді.

Кейбір мағынада Даунидің әдісі қазіргі заманғы фольклористикада орынды болып табылады, себебі: «фольклор жинаумен айналысатын адамдардың ойлары бір жақты түсініктерден аулақ болады». Дауни өзінің салыстырмалы әдісін тұжырымдағаннан кейін, Musical Times басылымында Томлинсонның батыстық емес музыка жайында дәрістер сериясын шығарылды. Олар «Причардтың этнологиясындағы дағдарысты» сипаттайды. «Адам биологиялық парадигманың тұтастығының тарихи дәлелін растайтын» қағидағның өзгеруі нәтижесінде туындайды, тарих ол қайталанатын вариациялар екпіні. Егер, Причард ескі мен қазіргі заманды бөлумен арпалысса, Томлинсонда мұндай қиыншылықтар туындамады. Өзінің «Үнді музыкасының көнелігі жайлы» атты басылымында бұл көзқарасты мына сөздермен тұжырымдайды: «Үндістан сияқты елдің музыкалық өнерінің жағдайын сонау ерте кезеңнен зерттеу, яғни Причард сияқты көптеген жауапсыз жұмбақтың астында жүргенмен тепе-тең. Басым бөлігі ертегі және аңызбен байланысқан ауызша дәстүр өнерді зерттеудің жалғыз қате әдісі болып табылады». Причардтың салыстырмалы әдісінің құлдырауына байланысты антропология уақытша бақылаудан шығып кетті. Бұл сол уақыттың музыкалық түсініктерінде байқалды. Джон Халла: «Қазіргі заманғы музыканың тарихы бүтіндей еуропалық. Ол шығыс халқының өзінің жеке музыкасы жоқ деген сөз емес; бірақ қазіргі таңда олардың музыкасы біз үшін ешқандай қызығушылық туғызбайды, және ешқандай мәні жоқ». Бұл қалай? Қалайша музыка бір өркениетті халыққа біршама тиімді, ал екіншісіне мүлдем тиімсіз, тіпті түсініксіз болуы мүмкін?» Бұл түсініспеушілік көптеген гегемониялық позициялық айқындаманың дамуының қайта қалпына келуіне әкелді.

Егер фольклористика бұл терминнің алғаш рет қолдануына дейін бар болған болса, онда бұл терминді тарихи тұлға Карл Энгельдің атымен байланыстыруға болады. Энгель біршама эмпирикалық әдістеме іздеді. Дей тұрғанмен кейде салыстырмалы әдіснама қалдықтарына да жармасты. Энгель қазіргі таңда британ фольклористикасының тарихында өзінің кейбір тұтқалы жұмыстарының арқасында танымал. Оларға «Оңтүстік Кенсингтонның мұражайындағы музыкалық аспаптар сипаттамасының тізбесі», «Көне халықтар музыкасы», «Ұлттық музыка зерттеулеріне кіріспе» және кейінгі басқа зерттеулерден құрастырылған кампиляциялы мақалалар жинағы MusicalTimes-та «Ұлттық музыка әдебиеті» болып басылды. Дегенмен, фольклористиканың қалыптасуында Энгельдің орны маңызды екенін көбісі біле бермейді. Британ антропологиясының негізінде Энгельдің музыкаға қосқан үлесі «Антропология жазбалары мен мүдделері» еңбегінде жатыр. Бұл Ұлыбританияда әзірленген алғашқы жүйеленген әдістемелік тәсіл болып саналады. Энгель өзінің ұлттық музыка туралы жұмысын салыстырмалы әдістен



бастады. Өткенді қайта құру үшін заманауи өнер құбылыстарына жүгінген өзінің замандастарына қарағанда, Энгель классикалық салыстырмалы әдіске көңіл бөле отырып, керісінше заманауи көркем құбылыстарды зерттеуде көне жәдігерлерге жүгінді. Бұны Энгель былайша түсіндіреді: «Көп жыл бойы мен өркениетті және бейөркениетті халықтардың музыкасының айрықша белгілерін айқындау үшін кез келген мүмкіндікті қолдандым. Кейіннен өркениетті емес халықтардың музыкасының тарихы мен ғылымына жабайы ұлттар филологиялық және этнологиялық зерттеу барысында пайдаланатындай маңызды ақпарат беретінін түсіндім. Өзімнің алға қарай жылжуымнан мен әртүрлі заманауи ұлттардың музыкасын түсіну үшін, көне ұлттардың музыкасының зерттеуін кеңейту керектігіне сенімім арта түсті». Бұл салыстырмалы әдістің өзгеруі Энгельді ізашар жол ашушы етіп көрсетіп, ұлттық музыканың антропологиялық зерттеулеріне қатысу кезінде әмбебаптылық зерттеу әдістерінің анық-қанығына күмән келтірді. Тағы бір дәйексөз: «Музыканы білдіретін адамның жүрегінің сезімі негізінен әр ұлтта бірдей; кейбір жағдайда олар әр түрлі әсерлермен өзертілген... Расымен, бәрімізге белгілі музыка әмбебап тіл болып табылады дейтін мақалда жартылай шындық бар. Бәрібір, оны түсіну үшін зерттеуді талап ететін бұл тілде көптеген диалект бар».

Музыкалық әмбебаптылық туралы көзқарасты қабылдауға Энгельдің құлықсыздығы тек айырмашылықтың бар екенін мойындау емес. Оның халықтардың музыкасының антропологиялық дамуына сенімділігі азайды. Дарвиннің эволюциялық теориясының жандануының ғылыми эмпиризмнің дамуының алдында Энгель төменгі даму әдісінің басым бөлігінен бас тартып, классикалық эволюционистердің бірінші ұрпақтары соның ішінде Тайлорға назар аударды.

Өзінің британ антропологиясындағы ұстанымының басымдылығына қарамастан, Тайлор дарвинші болмады. Энгель сияқты өзінің әдістемесінде дамудың анахронизмдік (ескішілдік) элементтерін сақтап қалды. Өзінің «Алғашқы қауымдық музыка» жұмысында мынадай ойларымен бөліседі: «Бәрімізге белгілі жабайы тайпа ақылға қонымды өркениетпен жақсартылмайды. Жалпы өркениетті адам жабайыға қарағанда тек ақылды емес, сонымен бірге бақыттырақ. Ал жабайы мен өркениетті адамның арасында варвар тұрады...». Дегенмен, Тайлор бар теориялардан бас тарту жолымен жүріп, Энгель сияқты функционалдық ымыраға жетті. Жаңа терминдер жасалынды. Бұрын айтып кеткендей, «Өркениет» термині тұңғыш рет қолданылды, бұл алғашқы қауымдық өнерге қарата айтылған жаңалық еді. Энгельдің «Антропология жазбалары мен мүдделері» жақында құрылған Антропологиялық институттың идеологиялық тұрақтылығын көрсету үшін басылып шыққан жұмысында, ұлттық музыканы зерттеудің жаңа әдістерін қолданып, британ фольклористикасының тарихындағы ақиқатты ерте көре алған тұлғаға лайық болады. Энгель үшін де, Институт үшін де тарих «ең алдымен ерекше нәсілдер жетістіктерімен шектелді; бірақ антрополог адамзат даму тарихында барлық нәсілдердің тарихта өз орны бар», деген пікірі айтты.

Энгель музыкалық теңдікті жариялайды. Ол былай деп жазады: «Әрбір халық өзіндік музыкасымен ерекшеленеді. Еуропалық емес халықтардың музыкасында кездесетін интервалдар, модуляциялар, мелизмдер, ырғақтық бояулардың прогрессиясы біздің музыкалық жазудың көмегімен көрсету үшін тым ерекше. Сондықтан ол қосымша түсіндірмелі белгілерді талап етеді. Шетелдің танымал әуендерін жаза отырып, еуропалықтардың есту қабілетіне дұрыс емес сияқты қабылданатын әуендерді оларды тұрғылықты халықтың қалай орындап немесе қалай айту керек екендігін дұрыстау қажет емес. Көрінетін кемшіліктер қаншалықты сақталса, соншалықты ол құнды болмақ. Атақты әуендер жинағында мәтіннің сөздері түпнұсқа түрінде болғаны өте маңызды. Сондай-ақ, музыкалық аспаптардың суреттері, өлшемі, мүмкіншілігі, оларды қалай қолданылу керек жайында түсініктемелі нұсқаулары маңызды».

Музыкату мен антропологиялық озық зерттеулері арасында СПЕНСЕРС ЖӘНЕ ДАРВИНДІК ЭВОЛЮЦИОНИЗМбағыты айрықшаланады.

Энгель мен Тайлордың даму әдісі антропологтарды ұлттық музыканың әмбебаптығын қайта бағалауға ықпал етті. Соның ішінде эволюционистердің ертедегі өкілдеріне Дарвиннің әсері тиген. Солардың арасында психолог Эдмунд Герни, музыкатушы, «Дыбыс күші» жұмысының авторы Ричард Валлашек, «Алғашқы қауымдық музыка», «Герберт Спенсер және музыканың пайда болуы» еңбегінің авторы, сыншы Эрнест Ньюман, көптеген мақалалары аса маңызды болды. Герберт Спенсердің ықпалының әсерінен даму теориясы музыкатушылардың арасындағы пікірталастарда, айрықша композитор және тарихшы Хьюберт Парридің ортасында туындады. Спенсер мен Дарвин эволюционистер болса да олардың арасында жиі келіспеушіліктер туындап тұратын.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Океаниядағы мәдениетаралық музыкалық тәжірибе алмасу

Спенсердің музыкаға деген әсері оның 1857 жылы шыққан ерекше қайшылыққа толы «Музыканың шығу тегі мен қызметі» мақаласынан басталады. Спенсер өз жұмыстарында неміс морфологиясының теориялық сөздігіне жүгінген: Эрнст фон Бэрдан адамдар жалпыдан жалқыға жетіледі деген ой туындаса, ал Эрнст Геккель бойынша адамның кереметтілігімен жетілгендігі әсері деп түйеді.

Осы екі ой Спенсердің музыкалық эволюция жайындағы әңгімеде байланысып, шешендікке құмарлық музыканы туғызады. Бұл жайында Спенсер былай деп жазды: «Музыка өркениеттің жемісі екендігі хақ; дегенмен кейбір жабайылардың өз би саздары бар, оларды мюзикл деп атауға болмас: олардың көбісі музыканың қарабайыр элементі ғана».

Спенсер көптеген теоретик ғалымдарға, соның ішінде Парриға өз әсерін тигізді. Бұл «Музыка өнері» еңбегінің «Халық әні» тарауының бастапқы беттерінен байқалады. Бұл бөлімдердің беттерінде былайша жазылған: «Барлық музыканың негізін және музыканың даму тарихындағы алғашқы қадамдарды адамзаттың дамымай қалған, ессіз түрлерінен, білім және мәдениет өркениетінің әсері тимеген музыкалардан табуға болады. Бұл жабайылар, біздің нәсілдердің көне ата-бабалары секілді, музыкаға қатысты дамудың көркем тарихы басталғанға дейінгі қатынаста. Әуен мен ырғақтың қарабайыр үзінділерін құрастырып байланыстыру тәсілдерін үйрену арқылы олардан музыкалық дамудың алғашқы қадамдарын байқауға болады».

Сонымен қатар, Ньюман, музыка мен сөйлеу мидың әр түрлі бөлігімен басқарылу дәлелдеріне келгенде, Валлашек тұжырымдарына сүйенеді. Осыған сай музыка сөйлеуден туындау мүмкін еместігі тұжырымдалады. Ньюман мынадай дәлелдер келтіреді: «Біз үшін сөйлеу мен әннің арасында үлкен психологиялық және эстетикалық шыңырау бар – ол тек сөйлеу мен заманауи ән арасында емес, сондай-ақ алғашқы қауымдық адамның дәрекі сөйлеу мен дәрекі әнінің арасындағы шыңырау... Біздің музыка мен жабайылардың қамысқа үрлеп, тасты ұрғылап отыратын музыкасындағы айырмашылықтардағы оларға және бізге ортақ психикалық құрылымдарды есепке ала отырып, бізді музыканы ынталандыратын және оларды арандататын себептерді көре аламыз».

Бұл музыканың сөйлеуден бөлінуін Герни растайды, өзінің «Сөйлеу теориясы» еңбегінде Спенсердің алғашқы адамның сөйлеуінің музыкаға қатынасы ерекше, деген ойына күмән келтіреді; оның тіке және қалыпты түйсігімен сезімін білдіру музыканың негізгі ұрықтарының мазмұнын білдірді, немесе «өзіндік бір музыка» болды». Сонымен қатар, Герни «біз жабайы тайпалардың музыкасын өзімізді жабайы етпей тұрып бағалай алмаймыз», дейді. Ричард Валлашек нәсілдік артықшылықтың мәселесін көтеріп, өзінің жұмыстарының болашақ зерттеушілерінің көңілін қалдырады. Оның сөзінше: «Гармониялық музыканы қолданатын жабайы адамдармен кәдімгі адамдардың арасындағы айырмашылық тарихта емес, нәсілде жатқандығын» аңғартады.

Психолог Чарльз Сэмюэл Майерс батыстық емес музыканы жазған алғашқы британшы. Майерстің мансабы фольклористика жазбаларында түсініксіз, тек жақын арадан бері психолог-тарихшылардың назарына түсті. Дегенмен, оның еңбегінің мазмұндылығын бағаламай кетуге болмайды, себебі Майерс британ фольклористикасының ұзақ тарихи эволюционизмін аяқтады.

1895 жылы Кембридждегі медицина курсынан аяқтаған соң, Майерс атақты кембридждік антрополог Хэддонға Торреса бұғазы (Жаңа Гвинея) мен Саравактағы (Борнео) экспедициялық сапарда ілесіп жүрді. Кембридждік антропологиялық экспедиция кең мағынасында «антропологияны, этнология, физикалық антропология, психология, лингвистика, элеуметтану, фольклористика және антропогеографияны қосып, осының барлығын қамтитын пәнаралық жоба ретінде ойластырылған». Бұл экспедиция шеңберінде Майерс музыкаға жауапты болды. Экспедициялық жобамен Торреста (Солтүстік Австралиямен Папуа – Жаңа Гвинея арасы) 1898 жылдың сәуірі мен қазан айына дейін жеті ай болып, және аралдың басқа да бұғаздарына жылжуға мүмкіндік алды. Экспедицияның нәтижесінде пайда болған зерттеулер 1901 жылдан бастап, 1935 жылға дейінгі аралықта алты томнан тұратын басылымда басылды. Майерс басылымның «Физиология және психология» деп аталатын екінші томына мақалалар жазды. Сонымен қатар есту қабілетін, сезімді зерттеу, ішкі, сыртқы әсерге ағзаның жауабының тездігі туралы ғалым «Өнер және кәсіптер» еңбегінде, музыка және музыкалық аспаптар жайлы жұмыстарының төртінші томына кірді.

Осы және бұдан кейінгі басылымдарында Майерс тұлғаны түсіну арқылы тұтастықты түсінуге өмірлік міндеттемені белгілей отырып, адамдарды психологиялық тұрғыдан айрықшалайтын озық дифференциалды психологиядан өзін табады. Ақырында ол «спенсерлік даму гипотезасын» әшкереледі, яғни психофизиологиялық қызмет жағынан қарабайыр халық өркениетті адамдардан асып түскендігі жайында пікірді жариялады. Себебі олар қарапайым қызметтер үшін көп күш жігерін сақтағандығымен



түсіндіреді.

Майерс Торрес экспедициясындағы зерттеулердің нәтижесінде шыққан «Музыканың басы» еңбегінің қысқаша мазмұндамасында былай дейді:

1) шу мен үннің айырмашылығы;
2) дыбыс деңгейінің қаттылығы, тонның биіктігі, ұзақтығы, мазмұны мен сапасының айырмашылығын түсіну;

- 3) тонның абсолютті биіктігінен хабардар болу;
4) шамамен тең тондық арақашықтықты бағалау және пайдалану;
5) оларға қатысты консонастарды және кіші интервалдардың дамуын бағалау, пайдалану;
6) әуенді дамыту;
7) ырғақты дамыту;
8) музыканың мән-мағынасы, деген мәселелерді қарастырады.

Британ фольклористикасының эволюциясы жайында қорытынды бөліміде Филип Болман төмендегі тұжырымдарды білдірген: Даму – бұл империяның антропологиясы. Бұл биліктің, моральдік және этикалық артықшылықтың, жаулап алу, ілгерілеушіліктің, жеңіс салтанатының және теологияның антропологиясы. Ал эволюционизм – бұл саяси шығын, постотаршылдықты қысу, кездейсоқтық және қоршаған ортаның жағымсыз дамуының антропологиясы.

Дэвид Каннадин айтқандай, мұндай трансмұхиттық сфераларда Британ империясы тек геосаяси субъект емес, жасампаздықпен жасалған артефакт болды. Осы артефакттың пайда болуына Даму теориясы үлес қосты.

Джон Маккензи өнер, музыка, театр, би және әдебиет (танымал және академиялық) империяны «бейнелейді кейде империяның құралдарын белсенді қалыптастырады» деген көзқарастарды қайталайды. Джеффри Ричардста осыған ұқсас пікір айтады: «империализмнің көркем әдебиетте, суретте, поэзияда, театрда таралуын ескере отырып, ол музыкада да өз ізін қалдыруы әбден мүмкін». Питер Маршалл: «Империя әлемге иерархиялық көзқарас енгізген отар державалар арасында британдықтар көрнекті орын алды. Колониялық басқаруға бағынғандар британдықтардан әр түрлі дәрежедегі жорамалды осалдығынан төмен орналасты». Джордж Стокинг: «өздерінің мәдени және нәсілдік артықшылдығына сенімді» кейбір викториандық өкілдерді бейнелегенде бұл көзқарасты қайталайды. Отаршылардың деңгейі төмен я болмаса жоғары болғанына қарамастан, ол бір нәрсені ғана білдіреді: даму теориясы олардың ой-пікірін нәрлендірді және олардың әлемін туғызды, дегенмен эволюционизм оларды орнына қойды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Империя құлдыраған соң, дарвиндік модель ақыр соңында жеңіске жетті. Тағдырға байланысты антропологиялық модель ретінде спенсеризм емес дарвинизм аман қалды.

Джиллиан Берр былай деп жазады: «Даму идеясында бақылаушы биік шыңда тұрып, өткенге көз жүгіртеді... деп есептелді. Дамудың артықшылығына жеткен түр ретінде еуропалық бейне таңдалған, ал қалған зерттелген нәсілдер артта қалғандар болып бағаланды».

Шынында да, дәл осындай көзқарас постимпериялық британ ұлттын айқындады. Болманның сөзін қолдансақ: «Бұл ұлттың бейнесінен ойластырылған музыка».

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Аугштайн HF (ред.) (1996) «Нәсіл: идея бастаулары, 1760-1850», Бристоль: Thoemmes Press
2. Биир Г. (2000) «Дарвин сюжеттері: Дарвин эволюциясы жайлы баяндау, Джордже Элиоте XIX ғасырдың көркем әдебиеті», 2-е басылым, Кембридж университетінің баспасы,
3. Болман, Ф. В. (2004) «Еуропалық ұлтшылдық музыкасы: мәдени бірегейлі пен заманауи тарих», Санта-Барбара, Калифорния
4. Volt C. (1971) «Викториандықтардың нәсілге қатысы»
5. Боудич ТЕ (1819) «Кейп-Косттан Ашантиге дейінгі бекініс борышы, Африканың ішкі аудандарынан патшалық жайлы статистикалық есеп пен географиялық ескерпелер», Лондон
6. Боулер ПиДжей (1988) «Дарвиндік емес төңкеріс: тарихи мифке басқа мағына берілуі», Балтимор
7. Каннадин Д. (2001) «Орнаментализм: британдықтар өз империясын Лондонда қайтіп көрді»
8. Крук Д. П. (1994) «Дарвинизм, соғыс пен тарих»
9. Дауни В. (1841) «Шығыс музыкасын зерттеу мақсатында қадағалау», азия қоғамының Корольдік журналы,



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Океаниядағы мәдениетаралық музыкалық тәжірибе алмасу

10. Джон Мюррей (1974) «Адам бейнесі: антропологиялық пікірлердің тарихы», Нью-Йорк
11. Энгель К. (1864) «Көне халықтар музыкасы, әсіресе ассириялықтар, мысырлықтар мен еврейлер; жақында Батыс Азия мен Мысырдағы ашылымдарға ерекше сілтемемен», Лондон



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Океаниядағы мәдениетаралық музыкалық тәжірибе алмасу
